

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданының білім бөлімі жанындағы
марапаттауға ұсыну жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

2023 жыл 4 қыркүйек

Байғанин ауданы

Төрағалық етуші: 1. К.Суйесинов – білім бөлімнің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі, комиссия төрағасы;

Хатшы: К.Шонаева — әдіскер

Комиссия мүшелері:

2. А.Адилханова – сектор меңгерушісі, комиссия төрағасының орынбасары;

3. А.Әлжанов — әдіскер;

4. О.Ғабитқан — әдіскер;

5. Н.Нияз—әдіскер.

Күн тәртібінде:

1. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданының білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің әдіскерін Оқу-ағарту министрінің марапатына ұсыну туралы

Талқыланды:

Білім бөлімнің әдістемелік кабинетінің қызметкерлерінің қолдаулары бойынша, ұсыныстарды саралай келе, білім саласы қызметкерлерін марапаттау комиссиясы ауданның білім беру саласын дамытуда үздіксіз қызмет жасап, шығармашылық жұмыстармен жетістіктерге жетіп жүрген Байғанин ауданының білім бөлімінің әдіскері Дербісов Сәндібай Әділұлын ауданның білім саласына қосқан еңбегін ескере отырып, «**Оқу - ағарту министрінің Алғысына**» ұсынады.

Сөз сөйлеушілер:

1. А. Адилханова – Дербісов Сәндібай Әділұлы ұстаздық еңбек жолын Қаражар орта мектебінен бастап, қазіргі уақытта білім бөлімінің әдіскері қызметін атқарады. Осы кезге дейін Қарауылкелді орта мектебі, Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің директоры қызметтерін абыроймен атқарды. Басшылық жасаған жылдары мектептердің материалдық базасын нығайтуға, мектептердің көрсеткіштер бойынша алдыңғы қатардан көрінуіне бар күш-жігерін жұмсады. Әріптесімізді марапатқа лайық деп санаймын.

2. Н.Нияз - Сәндібай Әділұлы аудандық білім саласы қызметкерлері кәсіподағының төрағасы қызметін де абыроймен атқарып жүр. Педагогтар мен білім саласы қызметкерлерінің құқықтарын қорғауда тынымсыз еңбегін көріп жүрміз. Қаншама мұғалімдер, техникалық

қызметкерлер кәсіподақ бастамасымен түрлі емдеу сауықтыру орындарына жолдама алды, осының бәрінде Сәндібай Әділұлының еңбегі ерекше. Мен де Дербісов Сәндібай Әділұлы марапатқа лайық деп есептеймін.

3. О.Ғабитқан – Сәндібай Әділұлы өз пәнінің білікті маманы, жас ұстаздарға үйретері мол тәлімгер-ұстаз. Педагогты марапатқа лайықты деп ойлаймын.

Шешім қабылданды:

Байғанин ауданының білім бөлімінің әдіскері Дербісов Сәндібай Әділұлын «Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрінің Алғысына» марапаттауға ұсынылсын.

Төрағалық етуші: К.Суйесинов

Хатшы: К.Шонаева


Комиссия мүшелері:

А.Адилханова

А.Әлжанов

О.Ғабитқан

Н.Нияз

Handwritten signatures in blue ink corresponding to the names listed on the left. From top to bottom: a large signature for K. Suiyusinov, a signature for K. Shonayeva, a signature for A. Adilhanova, a signature for A. Aljanov, a signature for O. Gabitkan, and a signature for N. Niyaz.